



Автор: Тойшыбекова Шакиза Бекмаганбетқызы
Пән: Жаратылыстану
Сынып: 6-сынып
Бөлім: Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер
Тақырып: Жасуша әлеміне саяхат

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	6.4.2.1 жасуша компоненттерін анықтау
Сабақтың мақсаты:	Оқушы: • Жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктерін ажырату үшін жасуша моделін әзірлеу, суретін салу, қима қағаздардан түрлі-түсті құрастыру;
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар жасуша компоненттерінің ерекшеліктерін модельді пайдаланып, ауызша түсіндіре алады. Пәндік лексика және терминология: Ядро, цитоплазма, жасуша мембранасы, жасуша қабырғасы. Айтылымға қажетті сөз тіркестері: Жасуша мембранасы ... Жасуша қабырғасы ... , ... Цитоплазма ... , ... Ядро ..., Жасушаның құрам бөліктері. Компоненты клетки. Cell components Ядро. Ядро. Nucleus. Цитоплазма . Цитоплазма. Cytoplasm. Жасуша қабығы. Оболочка клетки. Cell membrane
Бағалау критерийлері:	Құрылыс ерекшеліктерін ажырату үшін жасуша компоненттері моделін жасайды немесе суретін салады, қима жасап құрастырады; Жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктері мен қызметтерін салыстырады;
Құндылықтарды дарыту:	Сабақ сыйластықты, ынтымақтастықты, дарытуға бағытталған. Құндылықтарды жеке, жұптық, топтық жұмыстарды ұйымдастыру, жұмыстарды орындау барысында өзгенің ойын тыңдауға, сыйлауға, ақыл қосуға үйренеді.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта, жасушаның құрамбөліктері слайд, бейнеролик
Пәнаралық байланыс:	Химия, дүниетану, география.
Бастапқы білім:	Табиғаттағы заттардың бір түрден екінші түрге химиялық жолмен өзгеруі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 мин)	1. «Ой шақыру.» Өткенді қайталау арқылы бастапқы білімді жаңғырту. Оқушылар ұжымдық жұмыс барысында сұрақтарға жауап береді. 1. Заттардың химиялық жолмен бір түрден екінші түрге өзгеруін не дейміз? 2. Химиялық реакциялардың белгілері: иіс пайда болады, тұнба болады, газ бөлінеді, түсі өзгереді, жылу бөлінеді, тұнба ериді. Сөзжұмбақ. (Шешу арқылы жаңа тақырыптың атын табамыз) 1. Ағаштың бастапқы қалпынан басқа түрге өзгеруі үшін не істейміз? Жағамыз. 2. Жанғанда не бөлінеді? Газ. 3. Жанғанда не пайда болады? Иіс. 4. Жанғанда не бөлінеді? Жылу. 5. Жанып жатқан кезде ауа, оттегі жетіспесе от не істейді? Өшеді. 6. Заттардың химиялық жолмен бір түрден екінші түрге өзгеруі барысында не пайда болады? Жаңа зат немесе химиялық реакция. «Жасуша» сөзі шығады. Жаңа сабағымыздың тақырыбы «Жасуша әлеміне саяхат», «Жасуша компоненттері.»	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (6-35)	I. Жаңа сабақтың жаңа сөздерін қайталаймыз. Жасушаның құрам бөліктері. Компоненты клетки. Cell components Ядро. Ядро. Nucleus. Цитоплазма . Цитоплазма. Cytoplasm. Жасуша қабығы. Оболочка клетки. Cell membrane II. Оқулықпен жұмыс. Мәтінмен жұмыс. «Оқы, жаз, есінде сақта» әдісі. I-топ. Мәтінді оқиды, мазмұндайды. Дескрипторлар: 1.Мәтінді толық оқып, жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктерімен танысып, мазмұндайды. 2. Жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктерін түсіндіреді. II-топ. Жаңа сөздердің мағынасын ашады, постер толтырады. Дескрипторлар: 1. Мәтінді толық оқып, жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктері мен құрылысы қызметтерін салыстырады. 2.Жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктерін анықтайды. 3. Жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктерін суреттеп, тірек сызбалар арқылы түсіндіреді. III-топ. Сұрақтар құрастырады. Дескрипторлар: 1. Жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктері мен кезеңдерін талдап, сұрақтар құрастырады. 2. Сұрақтардың нақты, қысқа, нұсқа құрастырылуына мән береді. 3. Білім алушылардың дұрыс жауабын салыстырып бағалайды. IV-топ. Тест құрастырады. Дескрипторлар: 1. Жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктерімен, қызметін анықтап, 3 жауаптық тест құрастырады. 2. Жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктерін есте сақтайды.	слайдта сөздіктер, дескрипторлар көрсетіледі. Түрлі-түсті қағаздар, ермексаз, маркерлер, постер плакаттар.
Сабақтың соңы (3 мин)	Топтар бір –бірін бағалайды. Бас бармақпен, геометриялық фигуралармен. Кері байланыс, қима қағазға жазады. Аты- жөні - Жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктерін білдім , суреттен көрсете аламын. - Жасуша компоненттерінің құрылысын анықтадым. - Жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктерін сипаттап, түсіндіріп бере аламын. - Жасуша компоненттерінің құрылыс ерекшеліктерінің маңызын есте сақтаймын.	Түрлі-түсті фигуралар.
Рефлексия (2 мин)	5e5d5a89e78eb.png Рефлексия.«Табыс ағашы»Image not found or type unknown Жасыл жапырақ – түсінікті болды, табысқа жеттім. Сары жапырақ – сұрақтарым бар, толық табысқа жеткен жоқпын. Қызыл жапырақ – қиналдым, табысқа жету үшін тағы қайталауым керек.	стикерлер.